



«Бекітемін»

ЖШС «Дилия» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Л.И.Яворская

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ӨТКІЗІЛГЕН АТА-АНАЛАР
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

Шымкент 2024ж.

№1 Жалпы ата – аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар: 63

20.09.2024ж.

Күн тәртібі:

1. «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында әдіскердің баяндамасы
3. «Тұмаудың алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы
4. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар! Биылғы оқу жылының жоспар бойынша ұйымдастырылып отырған №1 ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер. Жиналыстың тақырыбы: «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру» деп аталады.

Балабақша - баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты. Ұстаз - киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін - ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту – ол оңай шаруа емес. Тәрбиеші – суретші, әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог. Сондықтан мен өмін басқарып отырған мекеменің тәрбиешілері жайында мақтанып айта аламын.

Енді біздің бақшамыз жайында айтар болсам, биылғы оқу жылында жалпы -6 топ жұмыс жасауда. Мамыр айында Жауқазын және Ромашка мектепалды даярлық топтарының балаларын мектепке жіберіп, жаңадан ортаңғы топ ашып, 3 жастағы балаларды қабылдадық. Бұл ортаңғы топтардың тәрбиешілері жайында айтар болсам, «Жауқазын» тобының тәрбиешілері Хоменко Любовь Леонидовна, ол кісінің еңбек өтілі 40 жылға жақын. Өте білімді, іскер, өз жұмысына жауапты кісі. Сонымен қатар ескі категория бойынша айтар болсам, жоғары категориясы бар. Ал екінші тәрбиеші Иванятова Маргарита Анатольевна, 10 жылға жақын еңбек өтілі, педагог-модератор санаты бар. Ал екінші топ «Ромашка» деп аталады. Тәрбиешісі Крайниченко Наталья Николаевна. Ол кісі де өте білімді, балалармен тез тіл табысады, еңбек өтілі 40 жылға жақын.

Биылғы оқу жылының мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге
Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген
білікті қалыптастыру

Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-көңістіктік

ортаны қалыптастыру.

Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу

Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі

жұмыстарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының

жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие

жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту,
эстетикалық талғамын шыңдау.

Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту

Сонымен қатар, «Салауатты өмір салтын ұйымдастыру» мақсатында «Мен
жүйрікпін, мен мықтымын!», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Спортпен
айналысамыз», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Ұлттық үстел үсті ойындары»,
«Біздің ең жақын достарымыз-күн, таза ауа және су» т.б. тақырыбында жарыстар
өткіземіз. Бақшамызда ата-аналармен бірге өткізетін семинар мен дөңгелек үстел
ұйымдастырылуда. Олар: «Аналар мектебі» дөңгелек үстелі және «Бала
тәрбиесінде салт-дәстүрдің рөлі» тақырыбындағы семинар. Ал мереке қарсаңына
байланысты ертеңгіліктер ұйымдастырылуда. Мысалы: жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа
жылдық карнавал» ертеңгіліктері, «Ананың аяулы алақаны» 8 Наурыз күніне
арналған мерекелер, Балабақшамен қоштасу ертеңгіліктері, т.б. алдағы уақытта
өткізіледі.

Ал енді «Балабақшадағы күн тәртібі» жайында айтар болсам, біздің
бақшамыз таңғы сағат 8.00 бастап, кешкі 18.30 дейін жұмыс жасайды. Таңғы
уақытта тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері 15 минутқа ерте келіп,
бөлмелеріді тазалап, шандарын сүртіп, балаларды қабылдауға топты дайындайды.
Ал, есіктің алдында медбике балалардың температурасын және денсаулық
жағдайына қарап, қабылдау жүргізеді. Қабылдау барысында «Біртұтас тәрбие»
бағдарламасы негізінде «Өнегелі - 15 минут», яғни ата-аналардың балалармен
әртүрлі тақырыпта әңгіме жүргізіп, баланың сұрақтарына жауап беріп жатады,
соның барлығын тәрбиеші бақылап, өзі де өз ойын қоса алады. Тәрбиешілер
балаларды қабылдағаннан соң таңғы гимнастика жасатып, таңғы асқа отырады.
9.15 – тен бастап кесте бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет басталады, оған
дейін міндетті түрде Әнұранды орындап, жақсы көңіл күймен ұйымдастырылған
іс- әрекетке кіріседі. Одан әрі таза ауада серуендеп, түскі ас, түскі ұйқыға
жатады. Арасында тәрбиеші міндетті түрде «Үнемді тұтыну» яғни, балаларға
электр қуатын, суды, т.б. табиғат көздерін үнемдеу жайында түсіндірме
жұмыстарын жүргізеді. Ұйқыға жатқан балаларға тәрбиеші міндетті түрде күй
дүмбірі, яғни баяу қазақтың ұлттық күйін қо, ұйықтатады. Ұйқыдан оянған соң
ұйымдастырылған іс - әрекет жүргізіледі. Сонымен қатар, тәрбиеші балалармен
жеке жұмыстарын орындап, «Құм терапиясын», яғни балалардың ұсақ
моторикасын дамыту мақсатында құммен ойнатады. Содан соң балаларды таза
ауаға серуендеуге шығарады. Ол уақытта да балаларға көптеген дамытушылық

ойнатады, оның ішінде ұлттық ойындар, әрмен қарай балаларды алып кезде, ата-аналарға әртүрлі тақырыпта кеңестер беріледі,- деп меңгеруші айтты.

2 Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Төрағасында әдіскер У.О.Ахметова сөз алып, баяндамасын қысқаша алып.

- Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз әлеуметтенуді бірінші отбасында, одан балабақшада үйренеді. Балабақшада бала таныс емес үлкен адамдармен, басқа балалармен танысып, мінез – құлық нормалары мен ережелерді меңгереді. Бала балаларда балабақшаға бейімделу өте қиынға соғады, ал кей біреулері тез үйреніп, қызығулықтарын танытып отырады. Бейімделуі қиын балаларда көбіне балабақшада тамақты жемей, ұйықтамай, балалар мен үлкендермен араласпай, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендеп, ойыншықтардың бетіне қарамай, тұйықталып қалады. Мұндай балалардың қиын бейімделуінің себептері: басқа адамның жанында қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегеннен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ болғандықтан бейімделуі қиынға соғады. Ең алдымен жаңадан келген баланы ата-анасы 2 сағатқа ғана балабақшада қалдырған жөн. Егер баланы күні бойына бірінші күннен бастап қалдырсаңыз, оның психикасына ол үлкен әсер беріп, бала күні бойы тұйықталып, дағдарысқа ұшырайды. Біздің балабақшаға ең алғаш баласын әкелген ата-аналардың көбісі баладан бұрын өздері қобалжып тұрады. Кішкентай бала мұны сезеді де, балада қорқыныш пайда болады. Сондықтан балабақшаға баланы әкелер алдын, үлкендерше баламен сөйлесіп, бәрін түсіндіру керек. 2 сағаттан соң келіп, сені алып кетемін деп айттыңыз ба, уәдеңізде тұрыңыз, өйткені бала сізді қатты күтеді. Ал енді баланы топқа әкелген соң ата-ана мына іс-әрекетті істегені абзал:

1. Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, қоштасуларыңыз ұзаққа созылып, балада қатты қобалжуы мүмкін.

2. Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балаға көрінбей қашып кетпеңіз.

3. Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз, соны ылғи да жасап жүріңіз.

4. Балабақшаға барғаны үшін жақсы бір сыйлық жасап, баланы қуантыңыз.

5. Үйдегі күн тәртібін балабақшаның күн тәртібімен бірдей етіп өткізуге тырысыңыз.

6. Балабақшаның ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тағам түрлерін қосыңыз.

7. Үйдегі жағдайда баланы өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіне, өз бетінше тамақтану, тамақ ішкенде қасықты дұрыс пайдалануды, дәретханаға өзі баруды үйретіңіз. Киген киімдері балаға ыңғайлы және оңай шешілетін болсын, комбезон немес белдігі бар шалбарларды кигізбегені дұрыс.

8. Балалардың социалдық көк жиегін кеңейтіңіз, яғни, апа-атасының үйіне қонуға қалдырыңыз, аулада өзінің құрдастарымен ойнатыңыз. Солармен тез тіл табысып, балабақшада да басқа балалармен араласуына жеңіл болады.

9. Үйде әңгімелесу барысында балабақша жайында жақсы әңгіме айтқаны дұрыс. Өйткені бала барлығын түсініп отыр. Сонымен қатар, үйде балаға жылы

сөздер көбірек айтып, мадақтаңыз. Бұл да баланың тез бейімделуіне оң әсерін береді.

10. Егер баланың бейімделуі қиындап жатса, аптаның ортасында 1 күн демалдырып алғаны абзал.

Бір сөзбен айтқанда баланың бақшаға тез әрі жақсы бейімделіп кетуі үшін ата ана мен тәрбиеші бірге жұмыс жасап, бар махаббатын сыйлай білу керек., - деп толық баяндамасын оқып шықты.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі бойынша « ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу және емдеу» тақырыбында медбике Г.Орын сөз алды.

- Бүгінде жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмау вирустық аурулардың ішінде ең кең таралғандары болып табылады, олардың үлесі 95%-ға дейін жетеді. Адам бір рет ауырған тұмау штаммына қарсы иммунитет қалыптастырғанымен, жыл сайын әлем халқының кемінде 15%-ы қайтадан жұқтырады. Бұл вирустың құрылымының үнемі өзгеріп, жанаруымен түсіндіріледі. Сондықтан ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу өте маңызды, өйткені ол аурудың таралуын шектеп, ағымын жеңілдетуге және асқынулардың алдын алуға көмектеседі.

ЖРВИ мен тұмаудың таралу ерекшеліктері:Респираторлық вирустық инфекциялар ауа-тамшы жолдары арқылы жұғады. Тіпті үй жануарлары да кейбір вирустық инфекцияларды жұқтыруы мүмкін. Аурудың таралу кезеңі әр аймақта әртүрлі:Солтүстік жарты шарда (Қазақстан, Ресей, Еуропа, АҚШ) эпидемиялық маусым күзгі-қысқы кезеңге сәйкес келеді.

Алдын алу шаралары жайында айтар болсам,ЖРВИ мен тұмаудың алдын алудың екі негізгі түрі бар: 1. Спецификалық профилактика – халықты жоспарлы түрде вакцинациялау; 2. Спецификалық емес профилактика – иммундық жүйені нығайтуға арналған шаралар (шынығу, дәрумендер, адаптогендік препараттар).

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі – кешенді тәсіл. Дұрыс тамақтану, шынығу, иммунитетті нығайту әдістерімен үйлестіре отырып жүргізу, аурудан қорғаудың ең тиімді жолы болып табылады, - деп медбике имунитетті табиғи жолмен қалай нығайту керектігі жайында, эпидемия кезінде қандай қауіпсіз шараларды қолдану керектігін және тұмауды жұқтырып алған жағдайда не істеу керектігі жайында толық баяндап, түсіндіріп өтті.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша сұрақтарыңыз болса қоя берсеңіздер болады,- деп меңгеруші сөзін бастады.

-Биыл балабақшаның төлем акысында сәл өзгерістер болады. 3-6 жас аралығында әр балаға күн сайын 686,04 тиынды құрайтын, яғни бір айда бала үшін ата - ана тамаққа 15000 тг төлемақы төлейтін. Биылғы оқу жылынан бастап баланың балабақша төлем акысы 20000 тг көтерілді. Өйткені көп ата - аналардың сұранысы бойынша балалардың жақсы дамуы үшін үйірме жұмыстарын көбейтуді және балалармен шығармашылық жұмыстарды жиі өткізуді ұсыныс еткен. Сондықтан 15000 тг ол тамаққа болса, 5000 тг ол балалармен тәрбиеші түс қайта «Құм терапиясын», яғни балалардың ұсақ моторикасын дамыту үшін құммен ойнатады және шығармашылық жұмыстарды жүргізеді. Шығармашылық жұмысқа: жапсыру, құрастыру және сурет салу сабақтары жатады. Бұл 5000 тг

келісім шартқа қосымша келісім шарт шасалып, барлықтарыңызға таныстыруға және қол қоюға берілген.

Менің сұрағым бар, - деп Оразова Лариса сөз алды. Біздің ата -аналар тарапынан ұсынысымыз бар еді. Біраз ата-аналар балаларын логопедке апарып жүр. Логопедке баратын күндері баланы бақшаға кешіктіріп алып келеміз. Ал кешігіп келген бала бақшада қалғысы келмейді. Сол үшін бақшаңызда қосымша жұмыс істейтін логопед маманын алсаңыз. Баланы басқа жерге апармай, осы бақшада логопед олармен топтық немесе жеке жұмыстар жасаса, - деп сұрағын қойды

-Ия, бұл мәселе бойынша маған өткенде басқа да ата - аналар кіріп, өтініш айтқан. Сол үшін де мен өте білімді, әрі білікті маман Мадина есімді логопедпен келісім шарт жасасып, бақшамызға аптасына 3 рет келіп, балалармен жұмыс жасайтын болды. Егер логопед балаларыңызбен жұмыс жасасын десеңіздер, тәрбиешілеріңізге айтыңыздар. Ол кісілер логопедке балаңызды жаздырып, бірінші сабағын баламен тегін өткізеді. Ол сабақта баламен қандай жұмыс жүргізу керектігін анықтап, логопед сіздермен өзі хабарласып, сол кезде қандай жұмыстар жасау керектігін айтады, - деп меңгеруші жауап берді.

-Соңғы сіздерге айтатын мәселе, - деп меңгеруші сөзін жалғастырды. Бақшаның төлем ақысын әр айдың 10 на дейін төлеп отырсаңыздар. Бақшамен келісім шартқа отырған кезіңізде келісім шартта да осы мәселе жазылған. Барлықтарыңыз келісім шартпен танысқансыздар. Сондықтан төлем ақыны кешіктірмен, уақыты төлеп отырыңыздар. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса, жиналысымызды аяқтайық, -деп меңгеруші ата-аналармен қоштасты..

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

Г.Орын



№2 Ата -аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар:72

19.12.2025ж.

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарға ваучер қаржыландыру жайында түсінік беру
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері» жайында әдіскердің баяндамасы
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Ата-аналарға ваучер қаржыландыру жайында» сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

-Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Жиналысымызға алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рақмет! Биылғы оқу жылының ең бір үлкен жаңалығымен сіздерді таныстырып өтейін. Шымкент қаласы бойынша барлық мемлекеттен қаржыландырылатын жеке меншік балабақшалар ваучерлік қаржыландыруға өтеді. Бұл жайында бізді Білім басқармасы жинап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Енді біз сіздерге бұл жайында түсіндіріп өтейік. Бұл жоба – проект жобасы болып табылады. Бұл проектің мақсаты – барлық бақшаларда мемлекет тарапынан қаржыландырылып жүрген балаларды ашық түрде бақылау. Ол дегеніміз, әр ай сайын енді баланың бақшаға қатысымы туралы ата-ананың индиго программасы арқылы жеке кабинетіне кіріп, қатысу табелдерін бекітеді. Табелді бекіту әр айдың 1 мен 10 арасында жүргізіледі. Ол ата-ананың жеке кабинетіне тек ата-ананың өзі ғана кіре алады. Ваучері бар баланы ата-ана барып жүрген бақшасынан шығарып алып, сол ваучерімен өзінің қалаған басқа бақшасына баланы апара алады. Баланың қатысым табелін ата-ана 2 ай бекітпесе, ол ваучерінен айрылады. Сонымен қатар, бақшада себепсіз 40 күн болмаса, ол кезде де ваучерінен айралады. Ал біз сіздерге табелді қалай бекітетіндігі жайында интерактивті тақта көмегімен түсіндіреміз, мұқият тыңдаңыздар,- деп меңгеруші индиго программасына кіруден бастап, табель бекіту пунктіне дейін барлығын көрсетіп, түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, ата-аналардың өтініштері бойынша индиго программасында баланы кезекке қою мен кезекті тексеру жайында, ЕД24 программасы өшіп қалған жағдайда оны қайта қалпына қалай келтіру керектігі жайында түсіндіріп, видеосын көрсетті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері» жайында әдіскер У.О.Ахметова баяндамасын оқып шықты.

- Саламатсыздар ма, ата-аналар. Бүгінгі баяндаманың тақырыбы «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері» деп аталады. Ең

алдымен сіздерге жас ерекшелік психологиясының кезеңдерін айтып өтейін: бала дүниеге келген сәтінен қартайған сәтіне дейінгі адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым – жасерекшелік психологиясы деп аталады. Әр кезеңде өзіндік ерекшеліктер болады. Жаңа туылған сәби бір жасқа дейін – нәрестелік шақ деп аталады. 1-3 жас аралығы – бөбек жасы, 3-6 жасқа дейін – мектепке дейінгі кезең, 6-11, 12 жасқа дейін – бастауыш мектеп жасы, 12-16 жасқа дейін жеткіншек жас, 16-18 дейін – жасөспірімдік кезең, 18-30 – балғын жас, 30-60- кемел жас 60-90 кәрілік шақ деп аталады. Мен сіздерге мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері жайында айтып өтемін. Бұл жаста балаларда танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы қарқынды жүреді.

Танымдық даму - бұл жаста балалардың қабылдау, есте сақтау, ойлау және қиял процестері белсенді дамиды. Балалар қоршаған ортаны ойын арқылы таниды. Заттардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыра бастайды. Сұрақ қоюға құмар болып, «неге?», «қалай?» деген сауалдар арқылы әлемді түсінуге талпынады. Сөйлеу дамуы - мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры айтарлықтай кеңейеді. Олар өз ойын еркін жеткізуге, қысқа әңгіме құрастыруға үйренеді. Сөйлеу мәдениетінің қалыптасуында тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі өте маңызды. Эмоциялық даму- бұл кезеңде балалардың сезімдері айқын көрінеді. Қуану, ренжу, қорқу, қызғану сияқты эмоцияларды бастан кешіреді. Өз эмоцияларын басқаруды біртіндеп үйренеді. Тәрбиешінің жылы қарым-қатынасы мен қолдауы баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Әлеуметтік даму - балалар қатарластарымен қарым-қатынас жасауға, ойын ережелерін сақтауға, бір-бірімен келісуге үйренеді. Ұжымда өзін ұстау, достық қарым-қатынас орнату осы жаста қалыптасады. Бұл – болашақтағы әлеуметтік бейімделудің негізі. Мінез-құлық және ерік-жігер - мектеп жасына дейінгі балаларда мінез-құлықтың алғашқы белгілері қалыптасады. Тапсырманы орындау, басталған істі аяқтау, тәртіп сақтау дағдылары дамиды. Ерік-жігері әлі толық қалыптаспаса да, дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы оны нығайтуға болады,- деп әдіскер баяндамасын толық оқып шығып, соңында қорытынды сөзін былай жалғастырды. Қорыта айтсақ, мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық дамуы – кешенді әрі нәзік процесс. Әр бала – жеке тұлға, сондықтан оның даму ерекшелігін ескере отырып, мейірім мен түсіністікке негізделген тәрбие беру маңызды. Ойын, қарым-қатынас және жағымды орта баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ал жағымды орта мен жақсы қарым-қатынасты ең алдымен балаға отбасы мен балабақша сыйлайды,- деп баяндамасын толық оқып, қорытындылады.

3. Үшінші әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Алдағы уақытта Жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа жылдық карнавал» тақырыбында ертеңгіліктер өтетінін білесіздер. Бұл ертеңгілікке ат салысып, тәрбиешілерге көмек беріп жатқан ата –аналарға алғысымды білдіргім келіп тұр.

Сонымен қатар, әрбір мекемеді өзіндік ішкі тәртіп ережесі мен сыртқы ережелері болуы керек. Тәртіп жоқ жерде жұмыста жақсы жүрмейді. Біздің бақшаға алғаш келгендеріңізде біз сіздерге бақша тәртібін, ережесін түсіндірген

ынбыз. Сабақ 9.15 басталатындықтан балаларыңызды 8 бен 9 арасында алып келіп үлгеріңіздер деп келісім шартта жазылған. Бірнеше ата – ана бұл айтылғанға мән бермей, балаларын 9.30 кешігіп алып келіп жатады. Сондықтан мен кезір сіздерді ескертіп отырмын. Бақшаның есігі сағат 9 дан 10 кеткенде толық жабылады. Егер ол уақытқа дейін балаңызды алып келмесеңіз, сол күні бала жоқ болып есептеледі. Сіздерден өтініш баланы бақшаға кешіктірмей алып келіңіздер. Пунктуальностьке бала сіздерден үйренеді, барлығымыз бір- біріміздің уақытымызды қадірлейік, - деп сөзін аяқтады.

- Менің сұрағым бар, - деп сөз кезегін Бердыбаева Жадыра алды. Сіздің айтып отырғаныңыз орынды. Бірақ мынадай жағдайлар да болады ғой. Баланы таң азанымен поликлиникаға апару немесе түнде тісі ауырып, стоматологқа апарып, кейін бақшаға келетін. Ондай жағдайда не істейміз?

- Егер осындай себептермен бір жағдайлар болса, ата-ана міндетті түрде тәрбиешіні ескертіп қойсын. Ал бақшаға келген кездеріңізде тәрбиеші күзетшіге айтып, сіздерді кіргізеді, - деп меңгеруші жауап берді.

- Менің сұрағым бар, - деп Асылбекова Айым деген ата-ана сөз алды. Менің қызым ортаңғы топқа барады. Бізге тәрбиеші жаңа жылда өтетін ертеңгілікке келмеңіздер, сіздерге кейін видеосын береміз деп айтып жатыр. Ал, біз ата – аналар ертеңгілікке қатысып, балаларымыздың өнерін тамашалағымыз келіп тұр, - деп сұрақ қойды.

- Дұрыс, әрбір ата-ана баласының өнерін тамашалағысы келеді, бірақ сіздерде түсінуге тырысыңыздар. Сіздердің балаларыңыз әлі кішкентай. Ертен сізді көріп, бала жылап, өлеңін де айтпайды, жаттаған такпақтары да естерінен шығып кетеді. Сол үшін сәл сабыр сақтаңыздар, ендігі жылы балаңыз ересек топқа өткенде міндетті түрде келіп тамашалайсыздар. Басқа сұрақтарыңыз болмаса, ата-аналар жиналысын аяқтайық, - деп меңгеруші ата-аналармен қоштасты.

Меңгеруші:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Г.Орын

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 74

15.05.2025ж.

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның өрт қауіпсіздігі мен жер сілкінісі бойынша өткізген іс-шаралардың есебі.
2. Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.
3. Ваучер қаржыландыру бойынша әр түрлі сұрақтарға жауап беру.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Балабақшаның өрт қауіпсіздігі мен жер сілкінісі бойынша өткізген іс-шаралардың есебі» бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Біздің жиналысымызға келгендеріңізге мың алғыс. Бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша айтар болсам, оқу жылының басында төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің тақырыптық жоспары талқыланып, бекітілген. Сол жоспардың негізінде тәрбиешілер жыл бойы өз топ балаларына «Өрт уақытындағы қауіпсіздік» тақырыбында түсіндірме жұмыстары мен тәжірибелік сабақтар өткізіп, өрттің шығу себептерін, қорғану тәсілдері мен өрт сөндірушілердің байланыс телефондарын, т.б. түсіндіріп, тәжірибе сабақтарында көрсетті.

Сонымен қатар, «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік» сабақтары да түсіндірме жұмыстары және тәжірибелік сабақтар түрінде өткізілді. Сабақ барысында жер сілкінісінің себептерін, ондай уақытта қалай қорғану керектігін және қандай іс-әрекет жасау керектігін түсіндіріп, тәжірибе түрінде де көрсетті. Қыс уақытында балаларға тәрбиешілер «Қыс мезгіліндегі мұздағы қауіпсіздік» тақырыбында түсіндірме сабақтарын өтіп, қыс мезгілінің ерекшелігін, шатырларда мұз болған жағдайда қауіпсіздік ережелерді сақтау жайында түсіндірді. Ал жаз уақытында «Жазғы демалыс кезіндегі су айдындарындағы қауіпсіздік» жайында тәрбиешілер видео сабақтарды көрсетіп, рұқсат етілмеген жерлерде суға түспеу керектігін және су айдынына ата-анасыз баруға болмайтынын, т.б. жайында балаларға толық түсіндіріп өтті, - деп меңгеруші әр қайсысына тоқталып, толық айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін меңгіруші Л.И.Яворская алды.

- Білім басқармасынан келіп түскен әдістемелік нұсқаулық негізінде балабақшамызда жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды.

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада болуы олардың ағзасын нығайтуға және шынықтыруға ықпал етеді, баланың дене, психикалық және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Жазғы сауықтыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мыналарды қамтамасыз етеді: балалардың дене және психикалық денсаулығын нығайту; қимыл-қозғалыс белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамыту; қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру; балалар жарақаттарының алдын алу; эмоционалды жағымды және қауіпсіз ортаны құру; ата-аналарға жазғы кезеңде балаларды сауықтыру, шынықтыру және қауіпсіздік мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие: серуендеу және ойын алаңында; қимылды және спорттық ойындар кезінде; сумен, құммен, спорттық құралдармен жұмыс істеу кезінде; экскурсиялар мен серуендер кезінде; күн астында және ыстық ауа райында болғанда; бейтаныс адамдармен, жануарлармен және жәндіктермен қарым-қатынас кезінде; жол қозғалысы ережелерін сақтау кезінде.

Жаз мезгілінде тәрбиеленушілерді сауықтыруға ерекше көңіл бөлінеді, ол:- балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, яғни таңғы гимнастика, спорттық және қимылды ойындар, дене жаттығулары, спорттық бос уақыттар, мерекелер және т.б., қауіпсіздік техникасын сақтай отырып және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып; дұрыс тамақтану, оған жемістер, көкөністер, шырындар, фитошайлар және т.б., санитарлық-гигиеналық талаптарды және су ішу режимін сақтай отырып; ағзаны шынықтыру, оған күн және ауа ванналары, шөпте, құмда жалаңаяқ жүру, аяққа су құю, сумен ойындар және т.б., - деп меңгеруші жазғы уақытта балалармен жазғы сауықтыру жұмысында қандай жағдайларға көңіл бөлетінін айтып, артында балалармен жұмыс жасауға арналған 2025 жылғы перспективті жоспармен таныстырып, балалармен өтетін қызықты ойын сабақтарымен тізбектеп, таныстырып өтті.

3. Үшінші мәселе «Ваучер қаржыландыру бойынша әр түрлі сұрақтарға жауап беру» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

-Ваучер қаржыландыруға өткен сәттен бастап біздің ата-аналар тарапынан өте көп сұрақтар қойылып жатыр. Қойылған сұрақтарды мен тізіп жазып, сіздерге қайта түсіндірейін,- деп сөзін бастады. Біздің бақшада бюджеттік орында жүрген балалардың барлығы автоматты түрде ваучер қаржыландыруға ауысты. Олар сол ваучерімен басқа да балабақшаға ауыса алады. Немесе басқа бақшадан біздің бақшаға ваучерімен балалар келе алады. Әр айдың 1-10 аралығында сабаққа қатысу табелін ата-ана бекітіп отыруы қажет. Егер 2 ай табельді бекітпеген болса, ваучерінен айырылады. Егер табельді бекіту барысында баланың анықтамасын білім беру мекемесі ілмеген болса немесе себепсіз келмеген күндеріңізді белгілемеген болса, сіз табель бекітуден бас тарта аласыз. Ол кезде себебін жазуды ұмытпаңыз. Тағы айтатын жайт, табель бекітетін кезде барлықтарыңызға белгілі ЕД24 KZ программасына құпия сөз келеді. Сол құпия сөзді жеке кабинетіңізге жазып, жеке кабинет мәзіріне кіресіздер. Ал егер, телефон номерлеріңізді ауыстырған болсаңыз немесе телефондарыңызды ауыстырған болсаңыз, тех поддержкаға жазып, ауыстырып алсаңыздар болады. Телефон номеріңіз Еговта тіркеліп, жеке кабинетіңізде номерді ауыстырып алыңыз. Өйткені, телефон нөміріңіз ЭЦП кілтіңізбен байланысқан болуы керек, - деп балаларды кезекке қалай қою керектігін, бақшамен келісім шартты қалай жасау керектігін интерактивті тақтамен көрсетіп, толық айтып өтті.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.

- 1 маусым балаларды қорғау күніне арнап біз кішігірім мерекелік концерт ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Балалар ән айтып, би билеп, өнерлерін көрсетеді. Артынша аниматорларды шақыртып, көңіл көтереміз деп жоспарлап отырмыз. Сондықтан балаларды сол күні сәнді көйлектерін, киімдерін кигізіп жіберіңіздер, біз суретке түсеміз, инстаграмм паракшасына саламыз. Сұрақтарыңыз бар болса қоя беріңіздер, - деп меңгеруші сөз кезегін ата-аналарға берді.

- Менің сұрағым бар, - деп Половица Сағынай сөз алды. Менің балам биыл балабақшаны бітіріп мектепке кетеміз. Балабақшамен қоштасу кеші бітті. Енді біздің балалар қай уақытқа дейін балабақшада жүруге рұқсат?

- Ия, биыл біздің бақшамызды бітіретін 2 топ бар. Әр топта 25 баладан. Бұл балаларға 31 шілдеге дейін жүруге рұқсат етілген. Сол уақытқа дейін мемлекет тарапынан қаржыландыру жүреді, ал 1 тамыздан бастап қаржыландыру тоқтатылады, - деп меңгеруші жауап берді.

- Менің сұрағым бар,- деп келесі Динозаврики тобының ата-анасы Садыков Манап сөз алды.

- Мен баламды жазғы уақытта демалысқа алып кетпекшімін. Сол себепті біз не жазуымыз керек немесе кімді ескертуіміз керек?

- Жаз уақытында балаларға 60 күн демалуға рұқсат етілген. Сіздер әдіскердің кабинетіне барып, меңгерушінің атына орын сақталатын демалыс беру жайында өтініш жазасыздар. Ол өтінішті біз гарден программасына ілеміз.

Ал, құрметті ата-аналар, сұрақтарыңыз болмаса, жиналысты аяқтайық - деп меңгеруші ата-аналармен қош айтысып, жиналысты бітірді.

Меңгеруші:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Г.Орын